

## «АКАДЕМИЯ – ОТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҰСТАХАНАСЫ»

– Алматы қаласындағы Мақан Есболатов атындағы академия – құқық қорғау саласында айрықша маңызға ие білім ордасы. Академияның бүгінгі дамуы мен жетістіктері туралы айтып берсеңіз.

– 68 жылдық тарихы бар академия отандық құқық қорғау саласының ұстаханасы іспеттес. Білім ордасы елімізде ең үздік кадрларды даярлау үшін үздіксіз еңбек етіп келеді. Біздің басты мақсатымыз – қоғамға қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін жоғары білікті, кәсіби, жаңа форматтағы мамандарды даярлау. Алматы академиясы бүгінгі таңда тек өз елінің ғана емес, халықаралық деңгейде де жоғары бағаланатын оқу орнына айналды. Ел саясаты аясында Ішкі істер министрлігінің бағыт-бағдарымен, мемлекеттің құқық қорғау жүйесінің сұраныстарымен үндесіп дамып келеді.

Қазіргі уақытта мыңға жуық курсант бакалавриат бағдарламасы бойынша оқиды. Одан бөлек, жоғары оқу орындарынан кейін білім алу бағдарламасы бойынша магистранттар мен докторанттар білім алып жатыр. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері үздіксіз біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Тыңдаушылар сонымен қатар психологиялық басқару, дағдарысқа қарсы әрекет ету, қаржылық сауаттылық, HR-менеджмент сияқты салалар бойынша білім мен дағдыларын жетілдіруде.

– Академияда оқытудың ерекшелігі қандай?

– Оқытудың басты ерекшелігі – теория мен практиканың үйлесімділігінде. Біз білім алушылардың теориялық білімін жетілдіріп қоймай, нақты өмірде кездесетін жағдайларға дайын болуын қамтамасыз етеміз. Жауынгерлік дайындық, арнайы полигондардағы сабақтар, оқудағы интерактивті әдістер – курсанттар мен тыңдаушылардың кәсіби дағдысын шыңдайды. Дәрістерді көп жылдық тәжірибесі бар білікті мамандар жүргізеді.

– Сіздер дайындаған шәкірттер қос дипломмен өндіріске қосылатынын естіді. Оның маңызы неде?

(Жалғасы 5-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ИНТЕРНЕТ ОЙЫНҒА ТӘУЕЛДІЛІК – ЕЛГЕ ҚАТЕР



Сарапшылардың зерттеуі бойынша, жасөспірімдер интернет-ойындардың виртуалды әлеміне тереңірек еніп, шындықпен байланысын жоғалтып, өздерінің психикалық және әлеуметтік дамуына қауіп төндіруде. Ойынға тәуелділік – бұл жай ғана мінез-құлық мәселесі емес, мидың жұмысындағы теңгерімсіздікке байланысты күрделі жағдай. Оңалтудан өту үшін психотерапия керек, қажет болған жағдайда нейробиологиялық бұзылыстарды түзету үшін дәрі-дәрмекпен емдеу қажет.

(Жалғасы 2-бетте)

## ТҰЛҒА

# АР ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ АЙНАСЫ

көрнекті қоғам қайраткері Н.Оңдасыновтың 120 жылдығына

Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов туралы көптен оқып, ол кісінің сол күрделі, қайшылықты дәуірде жасаған сан алуан абыройлы ісі мен қызметіне сүйсініп келе жатқаным біршама уақыт болса да, ой толғау сәті енді түсті. Мені күрделі заманда өзінің аппақ арына қылау жұқтырмаған осындай биік тұлғалардың өмірі қызықтырады, сүйсіндіреді, толғандырады. Олардың қай салада қызмет етуі маңызды емес, өйткені, адамшылық істер, ар-ождан биіктігі – баршамызға ортақ.

## Азаматтың өзі өлсе де, еңбегі өлмейді

Н.Оңдасынов туралы жазсам-ау деп ізденгенде ол кісінің өмірі мен қызметінің қайраткер ағамыз Ж.Тәшеновке ұқсайтынын, атқарған іс-әрекеттерінде ұлт мүддесінің басым жатқанын зерделеп едім. Дегенмен, екеуінің өмірінде біз көңіл бөлерліктей айырмашылық та бар. Көрнекті тарихшы ға-

лым Х.Әбжанов екі тұлғаны салыстыра келе мынандай дәйек келтіреді: «Өмір жолдарын және қызмет баспалдақтарымен өсуін шолып қарасақ, Н.Оңдасынов пен Ж.Тәшенов арасындағы ұқсастықты байқау қиын емес. Екеуі де облыс басқарды, екеуі де Қазақстан үкіметінің басында тұрды, екеуі де республикалық заң шығаратын билік тізгінін ұстады. Бірі 50-ге толмай, екіншісі 60-қа келмей үлкен саясаттан ығыстырылды. Бар айырмашылығы – Ж.Тәшенов ұлттық мүддеге қай-

шы Мәскеу теориясы мен практикасына ашық қарсы шықса, Н.Оңдасынов орталықтағылардың қытығына тиместен, ұлттық мүдде үдесінен шығу мүмкіндігін молынан пайдалана алды...»

Міне, осылайша ғалым қос қайраткердің ел өміріндегі салмақты орнына сындарлы айқындама бере отырып, Нұртас Дәндібайұлының сол бір аса күрделі кезеңдерде табандылық пен төзімділіктің асқан өнегесін көрсетіп, атқарған абыройлы істерінің бастыларын тізбелеп өтеді: «...Түптеп келгенде, екеуінің де тәуекелі ұлы нәтижелермен көмкерілді. Ж.Тәшеновтің табандылығы қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалса, Н.Оңдасыновтың саясаткерлігі ұлт білімі мен ғылымын, мәдениеті мен өнерін өрге сүйреді. Д.Қонаевтың үкімет басшысының орынбасары қызметіне, Қ.Сәтбаевтың Қазақ КСР Ғылым ака-

демиясының Президенті болып сайлануына, Х.Наурызбаевтың кәсіби мүсіншілікті игеруіне Нұртас Дәндібайұлының тікелей араласқаны тарихи факт. Ал Мойынты-Шу теміржолын салуға мұрындық болғаны – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәңгілік ескерткіш. Бұл жайында өзі де былайша жазған екен: «Қара бастың қамы үшін емес, жұртың үшін, елің үшін мысқал да болса еткен еңбегің еңсенді көтереді. Өзің өлсең де, еңбегің өлмейтіндей болғанға не жетсін!»

Осы қысқа лебіздің өзі – оның көңіл айнасының көрінісі, бар мүддесі халқының тыныс-тірлігімен біте қайнасқан жанның өмірлік мұраты да тек осылайша өріліп, жалғаса бермек.

## Сарабал саясаткер

Н.Оңдасыновтың ұлағатқа толы өмір жолы қызықтырып, әдебиеттерді қарағанда ғалым-журналист, оңдасыновтанушы Гүлсім Оразалиеваның ізденістері ерекше көзге түседі.


(Жалғасы 4-бетте)

3-бет



Өңдеу зауыттары – экономикалық өрлеу көзі

6-бет



Спорт арқылы ұлт денсаулығы нығаяды

8-бет

Өлеңтінің бойында





## ЖОҒАРҒЫ СОТ

# СУДЬЯНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ТҮЗЕТУ ЕНБЕК

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Жоғарғы сот органының кезекті жалпы отырысын өткізді. Отырысқа Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары қатысты. Отырыс барысында кеңейтілген жалпы отырыстардың регламентіне түзетулер, сондай-ақ Судьяның кәсіби қызметін бағалау әдістемесінің жобасы қаралды.



Жиында қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу аясындағы олардың әрекеттерін тексеру үшін соттардың және алқа төрағаларына қатысты материалдарды Сот жириіне беру туралы сөз болды. Сондай-ақ, Сот жириіне сот істерін қарау кезінде заңды өрескел бұзғаны үшін облыстық соттардың, алқа төрағаларының, Жоғарғы Соттың судьяларының немесе алқа төрағаларының тәртіптік жауапкершілікке тарту немесе тартпау туралы ұсыным беру мүмкіндігі қаралды. Бұдан басқа, регламентке түзетулердің қажеттігі қас-

сациялық соттардың құрылуына, Сот жириінің және Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия құрамының өзгеруіне де байланысты туындады.

Жоғарғы Соттың судьясы, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның төрағасы Арыстанбек Стыбаев Судьяның кәсіби қызметін бағалау әдістемесіне енгізілген өзгерістер сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты емес бірқатар өлшемшарттарды алып тастайтынын (моральдық және іскерлік қасиеттер, соттан тыс жұмыс жүктеме), өйткені олар басқа сот органдарының, яғни Сот жириі, Әдеп жөніндегі комиссия, жалпы отырыс функцияларын қайталайтынын атап өтті. Бұл Комиссияға негізгі көрсеткіш – сот төрелігін сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жаңартылған Әдістемеге сәйкес, Судьяның кәсіби қызметін бағалау келесі өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылатын болады: кәсіби білімі және оны істерді қарауда қолдана білуі; сот қызметінің нәтижелері.

А.Стыбаев атап өткендей, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жыл сайын барлық сатыдағы 400-ден астам судьяның қызметіне бағалау жүргізеді. 2019 жылдан бері 2416 судья кәсіби бағалаудан өтті.

Талқылау қорытындысы бойынша отырысқа қатысушылар енгізілген түзетулерді бекітті. Жаңартылған құжат Жоғарғы Сот сайтының «Заңнама» бөлімінде жарияланады.

### ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

## ҮЛГІ

# ӘР ТОСҚАУЫЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Елімізде кәсіп бастаймын деген жандар үшін көптеген мүмкіндіктер бар. Тек талпыныс пен нақты жоспарлардың болса болғаны. Сондай мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, елге елеулі қызмет атқарып жүрген жандардың бірі – Айшолпан Қайдулова. Оның қайтпас қайсарлығы басқа да кәсіп ашам деушілерге үлкен демеу.



Небәрі 23 жасында қайғылы оқиғадан мүгедектер арбасына таңылғанымен, өмірде өз жолын тауып, толағай табыстарға жетіп жүр. – Мен түрлі тәтті тағамдар пісіруді ұнатамын, алайда студент кезімде сүйікті ісіммен айналысуға уақыт болмайтын. Сондықтан, мен өз бизнесімді ашамын деген сәтте бірінші ойым үйден тәтті тағамдар дайындау болды. Барлық шығындар мен тәуекелдерді есептеген соң, іске кірістім. Қосымша инвентарға жұмысқа кіріп, маникюр бойынша курс оқыдым. Менің қызметімді пайдаланатын тұрақты клиенттерім жетерлік және маған сеніп, қолдау көрсеткен тұтынушы-

ларыма алғысым шексіз, – дейді. Әрбір қиындық – жаңа тәжірибе, әрбір тосқауыл – жаңа мүмкіндік дегендей, батыл адам ешқашан жеңіл жолды іздемейді, ол қиындықтарды өзіне сынақ ретінде қабылдап, оларға қарсы тұру үшін бар күшін жұмсайды. Байқоңырлық Айшолпан Қайдулова «Даму көмек» бағдарламасы арқылы демеуші тауып, кәсіп бастауға бел буған. Шағын несие алып, өз бизнесін ашып, жақсы жетістіктерге жетіп жүрген ол бұл нәрсені тоқталып қалған жоқ. Керісінше, басқа да мүгедектерге жұмыс орнын ашуды көздейді. Шектеулерді жеңу жолында адамның ең үлкен дұшпаны – өзіңе

деген күмән мен сенімсіздік. Сондай-ақ әрбір қиындықтың артында жеңілдік бар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың жетістіктері сол мүмкіндіктерді көре білуінде және оларды жүзеге асыруда. Олардың табандылығы, қайсарлығы мен өмірге деген сүйіспеншілігі бізге тек жақсы нәтижелердің ғана емес, рухани өсудің де маңызды екенін көрсетеді.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған арнайы гранттық бағдарламалар 2019 жылдан бері іске асырылып келеді, ал 2021 жылы бұл гранттар арқылы 500-ден астам кәсіпкерлік бастама қаржыландырылды. Бұл бағдарламалар кәсіпкерлерге бастапқы капиталды алу мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар, бизнес-жоспар жасау, басқару дағдыларын дамыту, нарыққа шығу мен өнімді сатуды үйрену мүмкіндіктерін де ұсынады. 2022 жылы осы бағдарламаның аясында 600-ден астам жаңа кәсіпкерлік бастама қаржыландырылды, олардың ішінде ауыл шаруашылығынан бастап, технологиялық және өндірістік салаларға дейінгі әртүрлі кәсіптер бар.

Жетістікке жету жолында ең қажетті нәрсе ерік-жігер мен сенім. Кәсіпкерлік жолында қиындықтар көп болуы мүмкін. Бірақ рухани күш пен ішкі сенім болса барлығын жеңуге болады. Табандылық пен қайсарлықты ұштастыра білу кез келген салада жетістікке жетудің басты кілті. Әрбір қадамымыз асқақ арманға жақындатып, биік белестерді бағындыруға жетелейді.

Дина БАБАҚҰЛ,  
Қазақ Америка  
университетінің студенті

## АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ РЕКОРДТЫҚ ӨНІМІ ЖИНАЛДЫ

Жамбыл облысының диқандары қант қызылшасының жоғары өнімділігін көрсетті. Биылғы егін жинау науқаны аймақтың ауыл шаруашылығындағы үлкен жетістіктердің бірі ретінде бағаланып отыр. Қант қызылшасының өнімділігі айтарлықтай артып, өңірдегі қант өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін берді.

Сарапшылардың айтуынша, биылғы ауа райы қант қызылшасының мол өнім беруіне қолайлы болды. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан субсидиялар бөлініп, жаңа технологиялар енгізілді. Жергілікті фермерлер заманауи техникаларды пайдаланып, агротехникалық шараларды дұрыс жүргізудің арқасында

өнімділікті арттырды. Егілген қант қызылшасы дақылдың 11,3 мың гектарынан таза салмақта 600 мың тоннадан астам өнім алынды. Мерке қант зауыты жоспарланған 450 мың тонна өнімді қабылдайды. Қалған 100 мың тонна өнім Жетісу облысындағы Ақсу қант зауытында өңделетін болады. Осыған орай, қалған

50 мың тонна өнімді Меркі қант зауыты арқылы Қырғыз Республикасында орналасқан Қайыңды және Қошой қант зауыттарына тасымалдау жоспарланып отыр. Қошой және Қайыңды қант зауыттарына Меркі қант зауыты арқылы жіберілетін өнімнің тасымалдау шығындарын субсидиялау қажет, – деп жазылған анықтамда.

Қазақстан жыл сайын қантқа деген сұранысты толықтай жаба алмай, импортқа тәуелді болып келеді. Осыған байланысты елдегі қант өнеркәсібін дамыту басты мақсаттардың бірі болып отыр. Жамбыл облысында биылғы қант қызылшасының рекордтық өнімі осы саладағы үлкен серпіліс ретінде бағаланауда.

Аружан МАУЛЕНБАЙ  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

## ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

«Тауарлық газдың ресурстық базасын кеңейту Үкімет пен ұлттық газ компаниясы үшін басым міндет. Жаңа газ өңдеу зауыттарын салуды, сондай-ақ қолда бар өңдеу қуаттарын айналымға толық тартуды жеделдету қажет», – деді Мемлекет басшысы.

# ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ КӨЗІ



Елімізде тек 12 млн адам немесе халықтың 60%-ы көгілдір отынмен қамтамасыз етілген. «Қашаған», «Қарашығанақ» және «Теңіздегі» қор елдегі барлық газ қорының 75%-ын құрайды. Энергетика министрлігі биыл 12 млрд 400 мың адамның газбен қамтамасыз етілуіне, 7 елді мекенді газдандыруға арналған 45 жобаны іске асыру үшін 65,9 млрд теңге бөлінетінін мәлімдеді. 2025 жылы газдандыру деңгейін 62,1%-ға арттыру (21 елді мекендегі 55 мың адам қамтылады) жоспарланған.

Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршиннің айтуынша, бізде тауарлық-материалдық қорларды толықтыруға мүмкіндік бар. Бірақ оның көзін ашып, пайдалану мүмкін болмай тұр. Технология саласы стратегиялық шешім қабылдай алмайтын, құзыреті шектеулі, бюрократиялық шырмаумен байланып Үкіметтің комитеті деңгейінде жұмыс істейді. Энергетика министрлігінің мәліметінше, былтыр өндірілген 29,8 млрд текше метр тауарлық газдың 19,4 млрд текше метрі елде қалды. Көрші елдермен газ транзитін арттыру жоспарда бар. Ресей газы Қазақстан арқылы Өзбекстанға тасымалданады. Қырғызстанмен жеткізу мәселесі пысықталып жатыр. Биыл газ өндіру көлемі 3%-ға артып, 60 млрд 500 млн текше метрге жетпек. Бұдан бұрын Үкімет отырысында министр Алмасадам Сәтқалиев болашақта зауыттар санын арттыру жоспары бар екенін айтып, қатарлық инвестор Қашаған кен орнынан шикізат негізінде газ өңдеу зауытын салуға қызығушылық білдіргенін хабарлады.

«2026–2030 жылдар кезеңінде 4 газ өңдеу зауытын кезең-кезеңімен іске қосу басталады. Атап айтқанда, қуаты жылына 1 млрд текше метр және жылына 2,5 млрд

текше метр Қашаған кен орнынан шикізат негізінде зауыттар салынады. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қарашығанақ кен орнынан алынатын қалдық қоры мен конденсат қоры – 253,2 млн тонна, ал газ қоры – 791,7 млрд текше метр. Кен орнында 2028 жылға дейін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланған», – деді министр А.Сәтқалиев.

«Energy Monitor» қоғамдық қорының директоры Нұрлан Жұмағұловтың айтуынша, КСРО жүйесі кезінде қазақ еліне қажетті газ Өзбекстаннан жеткізілді. Тек тәуелсіздік алған соң ғана жеке газ кеніштерін игере бастадық. Халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтарды газбен қамтамасыз ету үшін «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырын салдық. Себебі, оңтүстіктегі газ тапшылығы 15 млрд текше метр болатын. Н.Жұмағұловтың айтуынша, қазір бұл құбыр максималды режимде жұмыс істеп тұр. Қарашығанақ жобасында қуаты жылына 4 млрд текше метр болатын газ өңдеу зауытының құрылысына арналған ЕРС-келісімшарты алдағы күндері оңтүстік-кореялық «Hyundai Engineering» және «Sicim Kazakhstan» консорциумына беріледі деп хабарлады «Upstream Online» өз дереккөздеріне сілтеме жасап. Атыраудағы Қашаған газын өңдейтін зауыт 2026 жылы іске қосылмақ. Кәсіпорын жылына 1 млрд текше метр газ өңдеуге қауқарлы. Қазір бетон жабындыларын қалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоба негізін Қашаған кенішінен шығатын илеспе газды кәдеге жаратуға арналған. Жобаны «GPC Investment» ЖШС іске асырып жатыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

# ТҮТІН МҰРЖАЛАРЫ ТІЛСІЗ ЖАУҒА СЕБЕП

Жетісу облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметі бойынша, 2024–2025 жылдардағы жылыту кезеңінде өңірдегі тұрғын үй секторындағы өрт саны ақпан айы болмай жатып 15 оқиғаға артып, 119 өрт тіркелді.

Бұл өрттердің салдарынан улы газбен уланудан 16 адам қаза болды. Олардың 11-не темекі шегу, ақаулы электр сымдары мен электр құрылғыларын пайдалану, сондай-ақ шатыр аражаппасының жанғыш конструкцияларынан пештер мен түтін мұржаларына дейін бөлгіштерінің сақталмауы түрткі болған. Ал бесеуі пештің түтін мұржаларының тазартылмауынан болып отыр.

Өрттің басым бөлігі электр құрылғыларын орнату және пешті пайдалану ережелерінің сақталмауынан орын алған.

Былыр өңірлік қауіпсіздік қызметінде өткен брифингте Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Сергей Огай 2024–2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындық өңірде қазанның 15-інде басталып сәуірдің 15-іне дейін жалғасады деген еді. Яғни, жылыту маусымы аяқталғанша жеке тұрғын секторлардағы өрт пен ондағы адам шығынын азайту үшін департамент қызметкерлеріне жүктелетін жүк ауыр.

Е.КЕБЕКБАЙ  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ Нұртас Дәндібайұлының өмірі, әсіресе, республика үкіметін басқарған жылдары туралы толғана сыр ақтарған белгілі журналист-жазушы Нұрмұхан Оразбектің деректерін көпшілікке таныстырғанды жөн санадық: «...Иә, Нұртас Оңдасынов республика үкіметін тұтас он үш жыл бойы – 1938–1951 жылдары басқарды.

Нүрекеңнен ұзақ қызмет атқарған жалғыз қайраткер Бәйкен Әшімов ағамыз ғана. Бірақ, Бәйкеңнің үкімет басқарған жылдары социализмнің шыңына жеткен жылдары, одан кейін бәріміз күз құлдырау басталды. Ал, Нүрекең үкімет басқарған жылдары жүрегі «халық» деп қана соққан аяулы ағаларымыз қынадай қырылып біткен соғыс алдындағы алаңдаулы жылдар, елдің сіңірі созылып, «әупіріммен» жан сақтаған, мыңдаған перзенттері қан майданда кескілесіп жатқан соғыс жылдары, тұралаған елді тамағын тойындырудың толғақты мәселелерін қалай шешудің жолдарын талмай іздестіру қажет болған жылдар еді. Мұның үстіне Нұртас үшін биік мансапқа дейінгі 34 жыл ғұмыры да оңай болмаған-ды. Шиеттей бала-шаға ортасында бірінші аузына бірі қараған қарғыс атқан жетімдік, буыны бекіп, бұғанасы қатпай жатып, кірпіш зауытында қара жұмысшы болу, ашқұрсақ жүріп Ташкентте оқу, республиканың орман шаруашылығындағы тынымсыз жұмыс – бір пенденің ғұмырына аздық етпейтін үлкен мектеп, байыптай білгенге бай мектеп еді. Сондықтан шығар, Нүрекең өзіне және халқына сенуді, халқымен ақылдасуды, содан дұрыс қорытынды жасап, тиісті шешім қабылдауды ал шешім қабылданған екен, оны бұлжытпай орындауды өзгермес қағида етіп алыпты. Дәл осы принциптен ешқашан айнып көрмеуі. Мәскеудегі оқуынан кейін республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, ел басшылығына түп-түгел мәскеуліктер келіп, Гурьев облыстық атқару комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған жылдары да сол принциптен жаңылмапты. Тегінде оның 58 жасында зейнеткерлікке «қуып жіберілуіне» де сол принципі «кінәлі» болса керек» деп келеді де автор Нұртас Дәндібайұлының халқының қамын жей жүріп, Кремль басшыларымен, оның ішінде, Н.С.Хрущевпен талай рет тәжікелесіп, арасы күрделі шиеленіске дейін жеткенін жазады. Демек, қаһарман тұлғамыз туған халқының күрделі мәселелері талқыға түскен кезде үнемі бас ізеп, жоғарыдағылардың ыңғайына жығыла бермеген, айтысатын жерде айтысып, тартысатын жерде тартысуға дейін барған, елінің мүддесі үшін қайсарлығын танытқан.

### Ар-ождан тазалығының биік шыңы

Мені таңқалдыратыны, соншалықты саясаттың шиеленіске толы, күрделі дәуірінде оның арына қылау жұқтырмай, халқына деген махаббатын кіршіксіз сақтай білгені, оң ісінің өңі теріске айналып, үлкен тұлғаларымыздың өздері «халық жауы» деген жалалы атаққа ілігіп, дүние аласапыран болған шақта саяси жүйе мен халқының арасында дәнекер бола жүріп, елінің пайдасына қызмет еткені, өзіне жүктелген үлкен міндеттерді абыроймен атқарып, «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай», жігіт таба білгендігі дер едім. Және ешқашан да халқының мұрат-мүддесін сатпаған, аяқасты қылуға, зымиян саясаттың ұлтшылдық желеуімен құрдымға бақтыруына жол бермеген. Бұл айтқан-

дарымыз, Нұртас Дәндібайұлының аса сұңғыла, сарабал саясаткер бола алғандығының айқын дәлелі. Ол кісі туралы материалдар іздестіргенде, мен бір оқшау пікіріне қатты сүйсіндім. Оңдасыновтың әрбір елім деген азамат көкейінде ұстауға тиіс аса ғибратты лебізі мынау: «Қандай қиын кезеңдерде ел басқарсам да ешкімнің жаны мен қаны мойнымда жоқ – арым таза, ешкімнен ешқашан пара алған емеспін – қо-

емес, алаш көсем-қайраткерлерінің, қазақтың бірталай маңдайалды тұлғаларының басына түскен ортақ кесел болатын.

### Ғанидың шәкірті

Нұртас Дәндібайұлының алғашқы шәкірттік талпынысы, тұңғыш қадамы атақты Ғани Мұратбаев есімімен

ырырлық қабілетінің барына таңдай қағасын.

### Табанды қайраткер

Қарапайым болмысты қайраткер мемлекет басшылығында жүріп, өзінің ұлты үшін қыруар қызмет атқарғандығы өз алдына, сол кездерде кешеуілдеп келе жатқан

мұрындық болады. Мұның сыртында оның араласуымен облыс орталықтарында екі жылдық мұғалімдер институттары, техникум, училищелер ашылып, республикада білім, мамандық алып шығуға ынталылар саны еселеп артқан. Мұндай кесек қадамдарға барғызбағаны былай тұрсын, «ұлтым» деген сөз аузынан шығуы мұң болған талай арыстар шетінен жазаға ілігіп жатқанда, ұлтының сойылын қайымықпай соққан, тілін өркендеткен, елімізде қат мамандықтар, мұғалімдер мен дәрігерлердің, инженер, құрылысшы мамандықтарының игерілуіне ықпал жасауы – Нұртас Дәндібайұлының халқына жасаған өлшеусіз зор қызметінің бастылары ғана деп сеніммен айтамыз.

Н.Оңдасыновтың қолдауымен, сол соғыс жылдарында түсті металлургия саласы қарқынды дамыған, Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс қорыту, Лениногор, Зырянов полиметалл зауыттары, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Жезқазған мыс балқыту комбинаты т.б. толып жатқан өндіріс орындарының жұмысы жолға қойылып, жандана түскен. Сондай-ақ, әйгілі Теміртау қара металлургия зауытының іргетасын қалаған да осы табанды қайраткер. Оған «Теміртау» деген тарихи атау берген де өзі екен.

### Қарсылықтың бағасы қымбат

Оңдасыновтың қылышынан қан тамған сталиндік жүйе-деспотизммен қалай «тіл табысқаны» туралы айту – өте күрделі. Тіл табысты деуіміздің өзі, бәлкім, нақты тұжырым емес. Өйткені, ол бұл мәселеде қылыштың жүзімен жүріп, үлкен тәуекелмен өмір сүріп, халқына қызмет ете білген қайсар тұлға болатын. Мысалы, «әулекі Никита» атанған Н.Хрущев Қазақстанның мақта өсіретін аймағын түгел Өзбекстанға бермек болғанда бұған өршелене қарсы шыққан екен. «Никита Сергеевич, Өзбекстанда өскен мақта Қазақстанда шықпайды деуіңіздің ешқандай қисыны жоқ!» – деп Хрущевтің жолына кесе-көлденең тұрған жалғыз Н.Оңдасынов. Ал мұндай қарсылықтың бағасы өте қымбат болатыны белгілі.

Нұртас Дәндібайұлының соңына шырақ алып түсіп, ұрынарға қара таппаған сол заманның әпербақан, шолақ белсенділерінің титтей кінәрат таба алмағанын қазір жайбарақат еске аламыз. Ал өзінің бір естелігінде Оңдасынов: «үйіме келіп тұрған жақындарыма жоғары шығындар» дей алмайтын сынақ басыма түсті. Ең жаманы – жақсының жақсылығын көріп тұрып, оны қолдай алмайтындығын. Осы аңду-аңду салдарынан «жікшіл», «руушыл» деп шулап шыға келер деп, аса дарындылығына көзім жетіп тұрып, талай жерлесіме көмек қолымды соза алмадым. Елінің болашағына адал қызмет етуге тиіс сол азаматтар менің кішкене де болса демеп жіберуіме зәру болып еді, осыған қатты өкінемін», – деп ағынан жарылған екен.

Ұлтына деген ұлы мүддемен өмір сүрген, тек армандап қоймай, алға қойған мақсатын табанды түрде іске асырған өрелі қайраткердің: «...балаларым орыс аналарының тәрбие ықпалымен өсті» деп қынжылуының өзі, оның ар тазалығының бір сипаты. Өйткені, оның қызылдамды да ғибратты ғұмыры – отбасылық өлшемнен әлдеқайда биік, ұлттың сүюдің, оның жолына басын тігудің, сол ұлы жолда бар өмірін сағп етудің жарқын өнегесі деп баға береміз.

**Досжан ӘМІР,**  
**ҚР Жоғарғы Сотының судьясы,**  
**ҚР Судьялар одағының төрағасы**

# АР ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ АЙНАСЫ

## көрнекті қоғам қайраткері Н.Оңдасыновтың 120 жылдығына



Қазақстанның тіл білімі саласына да өлшеусіз үлесін қосты. «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік», «Араб текті қазақ есімдері» атты көрнекті ғылыми кітаптарға автор болуы сөзіміздің дәлелі. Яғни, оның қазақ тіл білімі саласына еңбегі сіңген ғалым ретіндегі орны бөлек.

Ол билік басына өте ауыр, аса бір қиын шақта келді. Оның билік басына келуінің мәні мен маңызын тереңірек ұғу үшін, сол кездегі кеңестік саяси жүйенің бағыт-бағдарын байыптап шығу керек. Басқасын айтпағанда, оның Халық Комиссарлар кеңесінің төрағалығы қызметіне өзінің алдында нақ осы қызметті атқарған қазақтың төрт бірдей біртұар азаматы Мұхамед-хафи Мырзағалиев, Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин, Ораз Исавтардың «халық жауы» ретінде атылып кеткеннен кейін отыруының өзі жүрек жұтқан тәуекелшілдік болатын. Өзгелер бұл қанды креслоға отырмаудың жолын қарастырар еді, тіпті, сталиндік қысымның қаһарынан құтылу үшін ең ақырғы әрекетке барып, атылып өлгендер аз болмағаны белгілі. Ал, Нұртас Дәндібайұлы небары отыз төрт жасында осындай көзсіз ерлікке барып

лым таза, ешқашан ешкімнің руын, жүзін сұраған емеспін – жүзім таза». Неткен ғажайып рухтылық, неткен сенімділік! Сөрт үстінде семсермен тілгендей қылып, мынадай жүректі лебіз білдіру – ар-ождан тазалығының биік шыңы, адамның адамына бітер дара қасиеті дер едім!

Н.Оңдасыновтың өмірі мен қызметін тыңғылықты зерттеп, бірнеше кітап шығарған Гүлсім Оразалықызына зор алғыс. Ол кісінің «Ары да, қолы да, жүзі де таза басшы» мақаласын аса қызыға оқып, зерттеу кітаптарын да ризашылықпен сүзіп шығып едім. Автор мақаласында Оңдасыновтың: «Балам, сен мен үшін ешқашан ұялмайсың!» дей келе, өз өмірінің өкінішін: «Мен өзімнің соңғы жиырма бес жылын сөздіктер жазуға арнадым. Бірақ менің балаларым оның бір сөзін де түсінбейді, аналары орыс болған соң, соның ырықпен кетіп, қазақ тілін білмей, дәстүр-салтынан бейхабар болып өсті. Мен болсам, таңның атысы, күннің батысы ел қамымен жүрдім, өте қиын кездерде үкімет басқардым...Ұрпағымды солай жоғалтып алдым...өкінемін. Бұл үшін халқымын алдында басымды иіп кешірім сұраймын...» деп жеткізгенін баяндапты.

Осынау шынайы мойындаудың өзі Нұртас Дәндібайұлының қаншалықты ар тазалығының биік, империялық саяси үстемдік еңсені езіп тұрған қиянатшыл қоғамда мүмкіндігінше халқымен тілегі бір болғанын, замана кесапатын өз иығына арта білген кішіпейлділік бітім-болмысының айғағы демеске қақымыз жоқ. Бұл – Оңдасыновтың ғана

Оңдасыновтың әрбір елім деген азамат көкейінде ұстауға тиіс аса ғибратты лебізі мынау: «Қандай қиын кезеңдерде ел басқарсам да ешкімнің жаны мен қаны мойнымда жоқ – арым таза, ешкімнен ешқашан пара алған емеспін – арым таза, ешқашан ешкімнің руын, жүзін сұраған емеспін – жүзім таза». Неткен ғажайып рухтылық, неткен сенімділік! Сөрт үстінде семсермен тілгендей қылып, мынадай жүректі лебіз білдіру – ар-ождан тазалығының биік шыңы, адамның адамына бітер дара қасиеті дер едім!

байланысты. Жасөспірім Нұртасты ә дегеннен тағдыры жалындаған жас Ғаниға жолықтырды. Бұл жайлы өз естелігінде: «...Жас шамасының қатарлас болғанына қарамастан, небары он сегіздегі мұғалім – Ғани Мұратбаевты балалар үйінде тәрбиеленушілер «Ғани ағай» деп атайтын. Ғани үлкенді – үлкен, кішіні – кіші деп сыйлай білетін тамаша тәрбиелік қасиетімен шәкірттерінің орасан зор құрметіне бөленді. Менің оған деген ықыласым елден ерек еді. Алғаш көрген бойда-ақ Ғани ағай маған ерекше әсер қалдырды, содан былай туған бауырымдай жақын тартып кеттім. Оның осыдан алпыс алты жыл бұрынғы бейнесі әлі де сол қалпында көз алдымда. Ғани шынында да тумысы бөлек жан-тұғын. Ең әуелі ол өз-өзіне қатал талаптар қоятын. Бәрінен бұрын еңбекқорлығын айтсаңшы! Оның ұстанған девизи: кешегіге қарағанда бүгін көбірек жұмыс бітіру, ал бүгінгіден гөрі ертең молырақ шаруа тындыру...» дейді өз естелігінде. Дәл осы тұста жасөспірім Нұртастың кісі қасиетін танып, ай-

қоймай, екіжақты абыройға бөленген, яғни, Сталин бастаған кеңес басшылығынан да, өз халқынан да биік баға алған. Ол кеңестік жүйенің тілін таба отырып, өз ұлтының өркендеуіне өлшеусіз еңбек еткен, ғылыми мен білімінің дамуына, өнері мен мәдениетінің қарыштап алға басуына қыруар үлес қосқан. Мысалы, Қазақстанның ҒА-ның ашылуына, оның басына Қаныш Сәтбаевтай нағыз ұлт жанашырының, нағыз ғалымның келуіне тікелей ықпал еткен Н.Оңдасынов болатын. Ол кісінің ұсынысымен соғыс жылдарының өзінде елімізде Ғылым академиясы құрылып қоймай, үкіметтің қолдауымен республикада он алты ғылыми-зерттеу институты жұмыс істей бастаған. Дәл осы мемлекеттің негізгі құш-қуаты майданға жұмылдырылып жатқан шақта, табанды ұлт қайраткері Қазақ мемлекеттік консерваториясының, бүкіл одақтағы жалғыз Қыздар педагогика институтының, Дене тәрбиесі институтының, Шымкент технология, Қарағанды медицина институттарының ашылуына тікелей

### БЕЗБЕН

## ТАЛАП БОЛМАЙ, НӘТИЖЕ ЖОҚ

Қазақ тілі кейбір қоғамдағы проблемалық мәселелерге қарамастан, 1991 жылдан соң өмірімізге шынайы ене бастады. Біз көп ұлтты мемлекет болғандықтан, тілдің мәртебесіне әркім, әртүрлі қарайды. Бірақ өз атына сай «мемлекеттік» деген соң, мемлекеттік қызметтегілер неге қазақ тілін білмеуі керек?! Меніңше тіл білудің зияны жоқ, қайта пайдасы ұшан-теңіз. Тілдің негізгі қызметі – елді, халықты біріктіру. Қалыптасып, өмірге енген тіл кез келген қызметте пайдаға аспақ. Мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін,

кеңейтудің жолы. Қазақ тілін шын мәнінде мемлекеттік деңгейге көтергіміз келсе, оған деген сұраныс пен қажеттілікті арттыруымыз керек. Тіл білуді мақсат етіп, алдына талап қойып, қажымай ізденіп еңбектенгендер ғана мемлекеттік тілді меңгеретіні анық.

**Б.КАЛАКОВА,**  
**Батыс Қазақстан облысы**  
**мамандандырылған**  
**ауданаралық экономикалық соты**  
**әкімшісінің аға приставы**

СҰХБАТ

Қалижан Кобландин,

Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының бастығы:

# «АКАДЕМИЯ – ОТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҰСТАХАНАСЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– 2023 жылдан бастап Алматы академиясы мен Алматы менеджмент университеті (AlmaU) қос дипломды білім беру бағдарламаларын бірлесіп іске асыруда. Оның артықшылығы аз емес. Бұдан бөлек, академия халықаралық деңгейде көптеген оқу орындарымен және ұйымдармен ынтымақтасып келеді. Әлемдік тәжірибелерді өзіміздің оқу бағдарламызға енгізу арқылы біз білім алушыларымызға әлемдік деңгейдегі білім беруге тырысамыз. Біз әрдайым заманауи білім мен озық тәжірибені енгізуге ұмтылып отырамыз.

Білім ордамыздың «Полициядағы бір күн», «Мобильді академия», «ТілЕК», «Жест тілі» сияқты ірі жобалары бар. Мәселен, «Мобильді академия» жобасы республиканың барлық дерлік облыстарын аралап қайтты. Тәжірибелі мамандарымыз өңірлік полиция бөлімдерінің қызметкерлері үшін арнайы тренингтер өткізді. Ал «Полициядағы бір күн» жобасы халықпен тікелей байланысты. Академия қызметкерлері жастармен кездесу өткізіп, полиция қызметінің ерекшеліктерін жеткізеді, бір қызығы, оқушылар болсын, студенттер болсын, бір күн полицияның образында өзін сынап көре алады. Осы жұмыстардың бәрі курсанттар мен полицейлердің халықпен, жастармен тікелей байланысын нығайтуға, олардың моральдық-этикалық тұрғыдан тәрбиеленуіне



ықпал етеді. Сонымен қатар, қазақ халқының тарихын, мәдениетін насихаттайтын карталар галереясын айтпай кете алмаймыз. Көне карталардың алғашқы галереясы біздің академияда сақталған. Бұл – біздің ұлттық мұрамызды, еліміздің заңдылықтарының дамуын көрсететін маңызды мәдени жоба.

– Ал құқық қорғау қызметкерлерінің моральдық-адамгершілік қасиеттерін дамытуға қаншалықты назар аударылған?

– Курсанттар мен тыңдаушыларды отаншылдыққа, адамгершілікке және жоғары моральдық принциптерге тәрбиелеуді басты мақсат етеміз. Мұнда олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, спорттық және мәдени іс-шараларға қатыстыруға, сондай-ақ патриоттық тәрбиенің негіздерін дамытуға зор көңіл бөлінеді. Академиямыздың аясында түрлі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмыс істейді. Мұның барлығы, әсіресе, ішкі істер орган-

дарының қызметкерлеріне тән жедел әрі шешім қабылдай білу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған.

– Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясына түсуді армандайтын жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Жастарға айтарым, полиция болу оңай емес, бұл – Отанға, қоғамға қызмет ету жолы. Егер сіз әділдік пен тәртіптің қорғаушысы болуды, ел қауіпсіздігі үшін жұмыс істеуді қаласаңыз, онда біздің академиямыз – сіз үшін ең дұрыс таңдау. Біз әрбір курсантқа барынша көңіл бөліп, оған барлық қажетті білім мен дағдыларды беруге тырысамыз. Академияға түсіп, өзіңізді кәсіби маман ретінде дамытып, қоғамға қызмет ету – үлкен болашақты бастауы деп білемін. Біздің ұстанымымыз – «Біз курсанттардан генералдарға дейін оқытып шығарамыз!». Академиямыздың болашақтағы жетістіктері мен еліміздің қауіпсіздігі үшін жасалатын жұмыстары әрдайым басты назарда болады. Ынталы жастарды академиямызда көруге асықпыз!

– Академияға түсудің артықшылығы неде?

– Оқу мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады. Курсанттарға мемлекет тарапынан бірқатар жағдай жасалған – тегін оқу, стипендия, тегін тамақтану, заттай жәрдемақы және тегін медициналық көмек, жатақханада тұру мен заманауи аудиторалар, техниканы пайдалану мүмкіндігі бар. Сон-

дай-ақ, тегін спорт секциялары және тұрғылықты жеріне барып, кері пойызбен қайту билеті қарастырылған. Академияны бітіргеннен кейін түлектерге жұмысқа орналасуға кепілдік беріледі, таңдаған мамандығы бойынша біліктілігі бар мемлекеттік үлгідегі диплом, сондай-ақ «полиция лейтенанты» арнайы атағы алады.

«Алтын белгі» иегерлері, ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша кемінде 100 балл жинаған мектеп түлектері, қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан немесе мүгедектік алған полиция қызметкерлерінің балалары, сондай-ақ спорт шеберлері үшін ерекше артықшылықтар берілген. Бұл кандидаттар ИМ-нің 2016 жылғы 26 қаңтардағы №77 бекітілген бұйрығына сәйкес дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсырудан босатылады.

– Жалпы, конкурсқа кімдер қатыса алады? Іріктеуден өту процесі қалай?

– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясына оқуға түсуге ынта білдірген жастар, ең әуелі орта білімі бар, 16 жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек. Олар тұрғылықты жері бойынша аудандық полиция бөлімінің кадр мамандарына жүгіне алады, онда оларға құжаттар тізімі және медициналық комиссияға жолдама беріледі. Сол өңірдің аумақтық полиция департаменті жеке істі жинақтап, оны ведомстволық жоғары оқу орнына жібереді. Содан кейін талапкер конкурстық іріктеуге қатысу үшін Академияға келеді. Барлық қажетті ақпаратты ҚР ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының ресми сайтынан ала алады.

– Сұхбатыңыз өміріңіз полиция қызметімен байланыстырығысы келетін жастарға өте пайдалы әрі қызықты болды деп ойлаймын. Құрметті Қалижан Жеңісбекұлы, уақыт бөлгеніңіз үшін рақмет!

Түймегүл ИБАСЕВА,  
«Заң газеті»

БАЗЫНА

Деректерге сенсек, әлемде жеті мыңға жуық ұлт болса, сонша тіл бар. Сол ұлттардың тек 192-сіне ғана өз алдына тәуелсіз ел болып, азаттықтың дәмін тату бақыты бұйырған. Осы екі жүзге жуық елдің ана тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Сол қатарда біздің қазақ тілі де бар. Бұл біз үшін биік нәтиже, үлкен мақтаныш. Бірақ, мемлекеттік мәртебе Конституцияда айшықталғанымен, қазақ тіліне қатысты талаптар қағаз жүзінде қалып келе жатқаны ешкімге жасырын емес. Қазақ тілінің қадіріне жетпей, құнын білмей отырған өзге емес, өзіміз! Егер қазақ қазақпен қазақша сөйлесе, өз тілін құрметтесе, бүгінгідей жағдай орын алмас еді.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МҮДДЕСІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

Барын бағаламаған халықтың туған тілінен қол үзіп қалуы оп-оңай. Өкініштісі, соны көпшілігіміз елемей келеміз. Мәселен, «Әлем тілдерінің атласында» соңғы жылдары үш жүзден аса тілдің өлі тілдер қатарына қосылғаны көрсетілген. Өз тіліміз өгейдің күйін кешіп, өлі тілдер қатарын толтырмас үшін, мемлекеттік тілдің мерейін асыратын, мәртебесін көтеретін іс-шаралар толастамауы керек.

Мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты мәселе сот саласында да бар. Қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған Маңғыстау өңірінде де істер 100 пайыз мемлекеттік тілде қаралады деп айта алмаймыз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты сандарды сөйлетіп көрейік. Маңғыстау облысының соттарында 2024 жылы мемлекеттік тілде 26 789 іс сараланған, бұл қаралған істердің жалпы санының 69,1 пайызы. Оның ішінде 54,3% азаматтық, 39,9% әкімшілік, 85,8% қылмыстық, 92,6% әкімшілік құқық бұзушылық істер мемлекеттік тілде қаралып, аяқталған. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, 2023 жылы 50,3% азаматтық, 36,6% әкімшілік, 84,7% қылмыстық, 94,1% әкімшілік құқық бұзушылық істер мемлекеттік тілде қаралған. Бұл барлық қаралған істердің 67,6 пайызын құраған. Облыс халқының 90 пайызы қазақ ұлтынан екендігіне қарамастан, мемлекеттік тілдің үлес салмағы соңғы жылдары небәрі 2 пайызға ғана өскен. Мұндай көрсеткіш бәрімізді ойландыруы, алға қадам жасауға итермелеуі керек.

Не себепті қазақы өңірде сот істері толықтай қазақша қаралмайды? Шыны керек, бұл сұрақ бізді де көп мазалайды. Әсіресе, сот отырысына келген жерлестеріміз «неге істі қазақша қарамайсыздар? Неге Қазақстанда тұрып сот



отырысында өзге тілде сөйлеуіміз керек?» деп жиі реніштерін білдіріп жатады. Әрине, реніштері орынды. Бірақ, сот отырысының қай тілде өтетіні судьяның қалауындағы дүние емес.

Азаматтық процесік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп анық көрсетілген.

Бірақ, осы іс жүргізу кодекстерінде мемлекеттік тілмен бірге орыс және өзге тілдер қатар қолданылатыны дәйектелген. Міне, заңның осы бабына сүйенгендер сот істерінің мемлекеттік тілде қаралуына кедергі келтіруде.

Біз өз тарапымыздан мемлекеттік орган қызметкерлерімен түрлі жиын, басқосулар өткізіп, сот істерін мемлекеттік тілде рәсімдеудің маңызды екенін түсіндіріп, құжаттарды қазақша дайындауға барынша көмектесіп келеміз. Қазақша өтетін сот процесінде мемлекеттік тілді түсінбейтін, ойын жеткізе алмайтын қазақтар да аз кездеспейді. Сондайда оларға аудармашы көмегін ұсынып, айтар уәжі мен

Жалпы, мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді білуі міндетті. Осы міндетін түсініп, бүгінде өңіріміздің құзырлы құрылымдары қазақшаға басымдық бере бастады. Мұндағы икемге көнбей, мемлекеттік тілге шекеден қарап отырғандар сапында банктер мен шағын қаржы ұйымдары тұр. Сонымен бірге, заңгерлер мен адвокаттар да талап арыздарды орысша жазып, істердің орысша қаралғанына мүдделі. Олар өзі қай тілді жетік білсе, арызды сол өзіне ыңғайлы тілде жазады. Ал көмек сұраған жандардың мүддесіне жандары ауырмайды. Қорғауындағы адам орыс тілінде ойын жеткізбек түгілі, не айтылғанын түсінбесе де, адвокаттарға бәрібір.

Осыдан байқап тұрғанымыздай, мемлекеттік тілдің мәселесі түбегейлі шешіліп, соттағы қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейуі үшін біріншіден, азаматтардың құқықтық сауатын көтеру маңызды. Қарапайым халық арыз қай тілде жазылса, сот ісі сол тілде қаралатынын білуі тиіс. Әрі өзі қаржы төлеп, көмегіне жүгінген соң, адвокаттың да арызды қазақ тілінде жазуын талап ете білгені абзал. Екіншіден, азаматтардың мемлекеттік тілге, ұлттық мүддеге деген сүйіспеншілігін, отаншылдық рухын ояту керек. Елінің ертеңін, тілінің келешегін ойлаған жан өзгелерге ыңғайлы болсын деген кеңпейілдікпен арызын орыс тілінде бермегені дұрыс. Қазақ тілін білмейтіндерге аудармашы қызметі тегін көрсетілетінін ұмытпайық. Үшіншіден, сот процесі орысша өтсе әділ қаралады, құзырлы органның назарына тез түседі деген сияқты негізсіз сылтаулардан да арылатын кез жетті. Қазақстандық сотта тілге байланысты ешқандай шектеу жоқ. Іс қай тілде қаралса да, заңның шеңберінен шықпайды.

Төртіншіден, банктер мен қаржы ұйымдарының, заңгерлер мен адвокаттардың мемлекеттік тілде сөйлейтін уақыты болды. Осы мемлекетте кәсібин жасап, осы мемлекетте табысын тауып отырған соң, бұл сала өкілдерінің де мемлекет мүддесі үшін, мемлекеттік тілдің мәртебесі үшін еңбек еткені дұрыс!

Тілден ажырау – тамырдан, тарихтан, тектен алыстау. Қазақ тілі қазаққа ғана керек екенін естен шығармайық!

Рахымжан БЕЙСЕНОВ,  
Ақтау қаласы №2  
сотының төрағасы

Жалпы, мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді білуі міндетті. Осы міндетін түсініп, бүгінде өңіріміздің құзырлы құрылымдары қазақшаға басымдық бере бастады. Мұндағы икемге көнбей, мемлекеттік тілге шекеден қарап отырғандар сапында банктер мен шағын қаржы ұйымдары тұр. Сонымен бірге, заңгерлер мен адвокаттар да талап арыздарды орысша жазып, істердің орысша қаралғанына мүдделі. Олар өзі қай тілді жетік білсе, арызды сол өзіне ыңғайлы тілде жазады. Ал көмек сұраған жандардың мүддесіне жандары ауырмайды. Қорғауындағы адам орыс тілінде ойын жеткізбек түгілі, не айтылғанын түсінбесе де, адвокаттарға бәрібір.

ұсынар құжаттарын аударуға мүмкіндік беріп келеміз.

**ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ**

# СПОРТ АРҚЫЛЫ ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ НЫҒАЯДЫ

Футбол – Шымкент қаласында ерекше дамып келе жатқан спорт түрлерінің бірі. Қаланың жасөспірімдері арасында футболға деген қызығушылық жоғары, ал бұл қызығушылықты қолдап, дамытуда №17 футбол мектебі үлкен рөл атқарып келеді. Мектептің басты мақсаты – балаларды жас кезінен футболға баулу, олардың спорттық қабілеттерін ашып, кәсіби деңгейге дейін жетелеу.

Шымкент қаласындағы №17 футбол мектебінің директоры Ербол Мауленбайұлы Тұңғатаровтан сұхбат алдық. Ол футболдың балалардың дамуына, тәртібіне және денсаулығына тигізетін әсері, бұқаралық спортты дамытудағы мектептің рөлі мен алдағы жоспарлары туралы ой бөлісті.

**– Шымкентте футболды бұқаралық спорт ретінде дамытуда қандай қадамдар жасалуда? Бұл бағытта сіздің мектебіңіздің үлесі қандай?**

– Футболды бұқаралық спорт ретінде дамыту – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Шымкент қаласында бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қала әкімдігі мен спорт басқармасының қолдауымен спорттық инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылып жатыр. Мәселен, біздің мектептің базасында екі жаңа жабық стадион салу жоспарда бар. Бұл жоба іске асқанда, футболмен айналысатын балалар саны бірнеше есеге артатыны сөзсіз. №17 мектептің бұқаралық спортқа қосып жатқан үлесі де айтарлықтай. Біз тек кәсіби спортшыларды дайындаумен шектелмейміз. Мектепте балалар мен жасөспірімдерге арналған ашық есік күндерін, футбол фестивалдарын және әуесқой жарыстарды жиі өткіземіз. Бұл шаралар тек балалардың ғана емес, ата-аналардың да спортқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, біздің бапкерлеріміз жергілікті мектептер мен аула клубтарымен тығыз жұмыс істеп, футболды баршаға қолжетімді етуге тырысады. Бұл тек балалардың физикалық және эмоционалдық дамуына ғана емес, олардың қоғамда өз орнын табуына да септігін тигізеді. Біздің мақсатымыз – футболды қала тұрғындарын өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру.



**– №17 футбол мектебінің тарихы мен қазіргі қызметі туралы айтып берсеңіз. Бұл**



**мектептің басты мақсаты қандай?**

– Біздің мектеп 1967 жылы құрылған, сол уақыттан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Бұл мектептің мақсаты – балаларды 7 жастан бастап спортқа баулу, олардың бойында футболға деген қызығушылықты ояту, тәртіп пен жауапкершілікке тәрбиелеу. Біз тек футболшы тәрбиелемейміз, біз болашақ азаматтарды дайындаймыз. Қазір мектебімізде 1500-ден астам бала футболмен шұғылданады, ал оларды дайындап жатқан 70-тен аса кәсіби бапкеріміз бар. Олардың әрқайсысы – өз ісін шебері. Біз балалардың физикалық мүмкіндіктерін дамытып қана қоймай, оларды адамгершілікке баулимыз.

**– Бүгінгі таңда футболды дамыту бағытында қандай**

**жетістіктерге жеттіңіздер? Түлектеріңіздің арасында кәсіби футболшылар бар ма?**

– Әрине, біздің мектептен шыққан көптеген балалар қазір кәсіби деңгейде өнер көрсетіп жүр. Олар «Ордабасы», «Тұран», «Қыран», «Оңтүстік» сияқты беделді клубтардың қатарында ойнап жатыр. 2010–2012 жылдары мектебіміздің 6 тәрбиеленушісі Бразилияның футбол клубтарында тәжірибеден өтті. Олар сол жақта кәсіби деңгейде дәріс алып, шеберліктерін арттырды. Қазір сол балалардың бірі бізде бапкер болып қызмет етуде. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш.

**– Мектеп Шымкент қаласының спорттық деңгейін көтеруде қандай үлес қосып жатыр?**

– Шымкент қаласының спорттық

деңгейін көтеруде №17 футбол мектебінің атқарып жатқан жұмыстары ауқымды. Мектептің басты мақсаты – тек талантты футболшыларды даярлау ғана емес, жалпы жастар арасында спорт мәдениетін қалыптастыру. Біздің тәрбиеленушілеріміз республикалық жарыстарда ғана емес, халықаралық деңгейде де Шымкенттің атын шығарып жүр. Бұл

жан-жақты әсер ететін ерекше спорт түрі. Біріншіден, денсаулық тұрғысынан қарасақ, футбол баланың дене қимылын дамытып, балшық еттерін күшейтеді, төзімділігін арттырады. Жаттығулар кезінде жүрек-қан тамыр жүйесі жақсарып, тыныс алу органдарының жұмысы тиімдірек бола түседі. Спортпен шұғылданатын балалардың арасында семіздік, қант диабеті және басқа да созылмалы аурулардың пайда болу қаупі әлдеқайда төмен. Сонымен қатар, футбол балалардың тәртібі мен мінез-құлқына айтарлықтай оң әсер етеді. Бұл спорт түрі тәртіп пен уақытты дұрыс пайдалануды талап етеді. Балалар жаттығуларға уақытылы келуді, белгілі бір ережелерге бағынуды үйренеді. Мұның бәрі оларды жауапкершілікке әрі тәртіпті болуға тәрбиелейді. Футбол – командалық ойын болғандықтан, балаларға бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын түсіндіреді. Олар өз командаластарымен тіл табысуды, ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп жұмыс істеуді үйренеді. Бұл қасиеттер өмірде де үлкен рөл атқарады: олар достық қарым-қатынастар орнатып, айналасындағы адамдармен жақсы байланыс құруға қабілетті болады. Сонымен қатар, футбол балалардың эмоционалдық жағдайын жақсартады. Ойын барысында балалар өздерін еркін сезініп, артық энергиясын шығара алады.

Жеңіс пен жеңіліс – өмірдің ажырамас бөлігі екенін түсініп, кез келген жағдайды қабылдауға үйренеді. Олар стреске қарсы тұруды, өз-өздерін жеңуді, сәтсіздіктерге қарамастан алға ұмтылуды үйренеді. Сондай-ақ балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамытады. Олар алаңда шешім қабылдап, белгілі бір жағдайларда жауапкершілік алуы үйренеді. Бұл қасиеттер оларды өз ортасында беделді, белсенді тұлға ретінде қалыптастыруға көмектеседі. Осылайша, футбол тек денсаулыққа ғана емес, балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Бұл спорт түрі арқылы олар физикалық тұрғыдан мықты, психологиялық тұрғыдан төзімді және тәртіпті азаматтар болып өседі. Сондықтан футбол – балаларды жан-жақты тәрбиелеудің тамаша құралы деп айта аламыз.

**– Мектепте қандай қиындықтар бар? Инфрақұрылым жеткілікті ме?**

– Қазіргі ең үлкен мәселе – стадион тапшылығы. Біз жаттығуларды өткізу үшін 6-7 стадионды жалға аламыз, бірақ бұл жеткіліксіз. Сондықтан спорт басқармасы, қала әкімдігі мен аудан әкімдігі бізге екі жабық стадион салуға шешім қабылдады. Құрылыс осы күзде басталады деп жоспарланып отыр. Бұл стадиондар бізге балаларды жаттықтыру үшін қолайлы жағдай жасайды. Бұл тек мектептің ғана емес, бүкіл Шымкент қаласының спорттық инфрақұрылымына қосылған үлкен үлес болады деп ойлаймын.

**– Футбол балалардың тәртібі мен денсаулығына қалай әсер етеді?**

Футбол – бұл балалардың физикалық және психологиялық дамуына

**Сұхбаттасқан  
Аружан МӘУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ**

**ОҢ ҚАДАМ**

## БУРАБАЙДА ИГІ ІСТЕР КӨБЕЙДІ

Бурабай ауданында соңғы отыз жыл бойы үйлерін пешпен жылытып келген 500-ден астам тұрғын үй орталықтандырылған жылуға қосылды. Сондай-ақ соңғы жылдары инфрақұрылымдық даму жүйесінде де жағымды жаңалықтар аз емес. Су тарту желілері қалпына келтіріліп, аудан ішіндегі бірқатар жолдар қайта жөндеуден өткен. Тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік маңызы жоғары мәдени нысандар да ашылып, ел игілігіне берілуде.

Щучинск қаласында бой көтерген жаңа аудандық мәдениет үйі шығармашылық тұлғалардың негізгі орталық алаңына айналмақ. Қазірдің өзінде мұнда отыздан астам үйірме жұмыс істейді. Аудан өнерпаздары хор, хореография, балет, сурет сияқты үйірмелерге қатысып, қарым-қабілетін шыңдап, табиғи дарынын дамытуда. Құрылысы жанданып, эне-міне салтанатты ашылуға дайын тұрған мәдениет ошағында келушілер үшін барлық жағдай жасалыпты. Қос қабатты нысанның көрермен залы 400 орынға лайықталған. Репетиция залы мен әртүрлі үйірмелерге, дыбыс жазуға арналған студияларда енді өнерпаздар өзін жайлы әрі алаңсыз сезінетін болады.

Мәдениет ошағының құрылысымен «Азат Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айналысып жатыр.

Көрікті Бурабай өңірі аймағымызда тарихи-мәдени әрі туристік маңызымен ерекшеленеді. Сол үшін де мұнда мәдениет ошағының жұмысы, ондағы шығармашылық қауымдастықтардың белсенділігі ауданның мәдени әлеуетін дамытуға барынша ықпал етеді. Бұл келген туристердің де назарын аударуға таптырмас

мүмкіндік, – деді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Сондай-ақ жаңа ғимаратта аудан әкімі Арай Сыдықов ауданның даму жоспарларымен таныстырды. Жедел жиынға облыс әкімі және баспасөз өкілдерімен қатар, ауданның бетке ұстар азаматтары, мәслихат депутаттары мен қоғамдық ұйымдардың белсенділері қатысты.

Бүгінде аудан мен қалада инженерлік желілерді, жол инфрақұрылымын, туризмді және тұрғын үй құрылыстарын жақсарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, қазіргі уақытта 2018 жылдан бастау алған Наурызбай батыр, Кенесары, Баянбай, Николаевка ауылдарына су желілерін жаңғыртудың 2024–2025 жылдық жоспарлары орындалу үстінде. Өткен жылы аймақта бірқатар білім ошақтары күрделі жөнделуден өтіп, жаңа оқу жылына есігін айқара ашқан. Атамеке ауылындағы жалпы білім беретін мектеп те осы игі жобалардың арқасында қайта жөнделуден өтіп, білім сапасын жақсарту жолына бағыт алған. Алдағы уақытта Щучинск қаласындағы №4 мектеп те заманға сай жаңғыртылып, енді талай жылдан

бері тозып тұрған «Арман» балалар орталығына назар аударылмақшы. Аудан әкімінің сөзінше, ағымдағы жылы республикалық бюджет есебінен Қатаркөл ауылында 200 орындық және Кенесары ауылында 120 орындық ауыл клубтарын жаңғырту жұмыстары қолға алынатын көрінеді. Биылғы жылғы қысқы жылыту маусымында 500-ге жуық абонент орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылыпты. Пәтерлерін 1995 жылдан бері пешпен жылытқан тұрғындардың қуанышында шек жоқ.

– Желілерді тарту жұмыстары басталғанда, біз онша сенген жоқпыз. Міне, көп жылдан кейін үйіміз орталық жылуға қосылып, мәре-сәре болып жатырмыз. Мемлекет басшысына, облыс, аудан әкімдіктеріне осындай маңызды бастамаларды жүзеге асырғаны үшін алғысымызды білдіреміз, – деді үй иесі Досым Беқмағамбетов.

Алдағы уақытта аймақта бұдан өзге тағы да ұзындығы үш шақырымға жуық жылу желісін орталық магистральға қосу жоспарланған. Осылайша, жуық арада қосымша 180 абонент жылумен қамтамасыз етілмек. Сол арада аудан әкімі Арай Сыдықов бүгінде бұл шаруаның негізгі құрылыс жұмыстары аяқталғанын, жылу трассасының іске қосылғанын айтты. Жобаны «Алматыинжстрой» акционерлік қоғамы жүзеге асырып жатыр.

**Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ**

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Жуырда Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі парламентаралық комиссияның IV отырысы өтті.

## ДЕПУТАТТАР ШЫМКЕНТТЕ БАС ҚОСТЫ



Комиссия отырысына ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары, Комиссияның тең төрағасы Жақып Асанов, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты төрағасының орынбасары, Комиссияның тең төрағасы Содик Сафоев, Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының депутаттары, министрліктің өкілдері қатысты. Комиссия жұмысын ашқан Жақып Қажыманұлы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық пен тату көршілікке негізделген байланыс сындарлы және сенімді диалог құруға мүмкіндік бергенін атап өтті. Алқалы жиынды комиссияның тең төрағасы Жақып Асанов ашып:

– Өте маңызды ортақ жобалар көп. Мемлекет басшылары да екі ел арасындағы қарым-қатынасты өте жоғары деңгейге көтеріп тастады, – деді. Отырыс барысында екі ел арасындағы сауда-саттық, экономикалық ынтымақтастық, мәдени-гуманитарлық серіктестікті дамыту және Орталық Азияда бірлескен жобаларды іске асыру жөніндегі маңызды бағыттар талқыланды. Жақып Асанов өз сөзінде екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту қажеттігіне тоқтала келіп, өңірдің тұрақты дамуына ықпал ететін бірлескен бастамаларды жүзеге асыруда парла-

ментарлық комиссияның ерекше рөлін атап өтті.

Сондай-ақ, комиссия отырысында 2023 жылы басталған «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының жұмысы, екі ел тарапынан салынып жатқан индустриялды аймақтарға инвесторлар тарту мәселесі де қаралды. Бұдан өзге, Қазақстан Парламентінің Сенаты мен Өзбекстан Олий Мәжілісінің Сенаты арасындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі 2025–2026 жылдарға арналған Жол картасының жобасы, ҚР Парламентінің Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Сенаты арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 5-отырысында қаралатын мәселелер жан-жақты қаралып, талқыланды.

Тараптар кездесу соңында 2025–2026 жылдарға арналған Жол картасын әзірлеуге келісті. Бұл құжат бірлескен күш-жігерді үйлестірудің негізі болмақ. Көріші ел делегациясын бастап келген Содик Сафоев екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық байланыстың дами беретінін айтты.

**Раушан НАРБЕК  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ**



